

«Baby City» ЖШС

«Бекітілді»
«Baby City» ЖШС директоры
Сулимова М.К. «Балабақшасы»



27.08.2021ж. №1 Педагогикалық
кеңестің шешімімен

**2021- 2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің
перспективалық жоспары
«Балапан» кіші тобы**

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар

Қыркүйек айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту - 0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық-3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Балабақша /Мой детский сад / My kindergarten // (1-апта)					
Мақсаты. Балалардың балабақша туралы алғашқа ұғымдарын қалыптастыру, балабақшада ойыншықтармен ойындарға баулу, тәрбиеші мен топтастармен алғашқы қарым-қатынастар үлгілеріне қызығушылық тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дана қуыршақпен сапқа тұру". Мақсаты: балаларға қуыршақ Данамен сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ойыншықтар". Мақсаты: балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету; ой-өрісін кеңейту және есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту; балабақшада және	Сенсорика. Тақырыбы: "Түрлі ойыншықтар". Мақсаты: балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге	Музыка. Тақырыбы: "Қуыршақ Әйгерімнің барабаны". Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру;	

		үйде ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.	дағдыландыру; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын ояту.	дабыл аспабымен және оның үнімен таныстыру; балаларды дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тақтай бойымен жүреміз". Мақсаты: балаларға қуыршақ Данамен сапқа тұру техникасына үйретуді жалғастыру; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана". Мақсаты: балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете білуге талпындыру; достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Доп кетті домалап". Мақсаты: балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға үйрету; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы:			Мүсіндеу. Тақырыбы:	

	"Еңбектейміз ерінбей!". Мақсаты: балалардың қуыршаққа ілесіп сапқа тұруға деген ынталарын жетілдіру; топтастармен бірге ойнап, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін қалыптастыру.			"Қуыршақтарға кәмпиттер". Мақсаты: балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру.	
--	---	--	--	--	--

Менің отбасым /Моя семья / My family// (2-апта)					
Мақсаты. Балалардың отбасы туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, отбасы мүшелерін атап, қуаныш сезімдерін білдіруге үйрету.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аюмен шеңберге тұру". Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге тұру арқылы дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; топтық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Маша мен Аю" ертегісі" Мақсаты: балаларды "Маша мен Аю" ертегісі желісімен таныстыра отырып, зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің қайталама бірыңғай	Құрастыру. Тақырыбы: "Жолмен жүрейік". Мақсаты: балаларды құрылыс материалы кірпішпен және оның қасиеттерімен таныстыру; кірпішті бір-бірімен қатар қоюға және бірінің үстіне бірін қалауға үйрету; кірпіштен жасаған өз	Музыка. Тақырыбы: "Асыл әжем". Мақсаты: балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру; музыканы сипатына қарай ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре	

		жолмен айтылатын сөздерін есте сақтап, айтуға талпындыру; Маша мен аюдың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың көркем әдебиеттің жанры ертегіге қызығушылықтарын ояту; төзімділік пен тілалғыштық қасиеттерге тәрбиелеу.	жұмысына риза болу қабілетін арттыру; отбасы туралы түсінік беру; балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру.	білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдауда зейіні мен есте сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шеңберге тұрайық". Мақсаты: балалардың шеңберге тұру қабілеттерін тиянақтау; дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; жанындағы топтасын байқап, жаттығуды		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Аю мен қонжық". Мақсаты: балаларға ормандағы жабайы аю тіршілігі туралы жалпы мағлұмат беру; сурет мазмұнындағы кейіпкерлермен таныстыру; сурет тақырыбындағы	Музыка. Тақырыбы: "Әжемнің әні". Мақсаты: балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын	

	еркін жасауға үйрету.		кейіпкерлердің қимыл-әрекеттерін бір тұтас оқиға желісі ретінде қабылдауға үйрету; қамқорлыққа тәрбиелеу.	жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аюмен бірге шеңберге тұрайық". Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға машықтау; ойындар арқылы топтастармен ортақ жағымды эмоцияға бөленуге тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Әжемнің жіптері". Мақсаты: балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	
Табиғат әлемі/ Мир природы / Natural world // (3-апта)					
Мақсаты. Балалардың қоршаған табиғаттың бірнеше құбылысымен таныстыру, ауа райында, табиғаттағы құбылыстарды байқатып, жағымды эмоционалды жауаптарды тудыру.					
Оқу	Дене шынықтыру.	Сөйлеуді дамыту.	Сенсорика.	Музыка.	

қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Тақырыбы: "Қояндармен бірге жүгіру". Мақсаты: балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруге үйрету; шеңбер бойымен жүгіруде аяқ, табан бұлшық еттерін жетілдіру және ептілік пен жылдамдық икемділіктерін дамыту; жаттығу барысында бір-біріне кедергі жасамауға тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Күн мен жаңбыр". Мақсаты: балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту; табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын арттыру.	Тақырыбы: "Ғажайып дорба". Мақсаты: балаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, біркелкі заттарды пішін және түс сияқты сенсорлық қасиеттері негізінде жалпылап, біріктіріп, бөліп, тапсырмаларды орындау қабілеттерін қалыптастыру; қоршаған заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.	Тақырыбы: "Сылдырмақтар сылдырлап". Мақсаты: балаларды сылдырмақтар туралы әуенді тыңдап және айтуға үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақтар әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыка сипатын ажырата білуге дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қоян секілді жүгірейік". Мақсаты: балалардың шеңбер бойымен жүгіре білу қабілетін жетілдіру; жаттығу барысында бір-біріне кедергі жасамауға үйрету; қоянның қимылына еліктеуге машықтау.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Саңырауқұлақ". Мақсаты: балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; жаңбыр	Сурет салу. Тақырыбы: "Жаңбыр". Мақсаты: балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаш ұшымен ырғақты қимылдармен төменге қарай қысқа	

			мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру; жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы түсініктерін кеңейту; күзгі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты ояту.	сызықтарды қоюға үйрету; табиғатқа қатысты құбылыстарды бейнелеу барысында жағымды эмоциялық сезімдерге бөленуіне мүмкіндіктер туғызу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бір, екі, үш .., жүгіреміз". Мақсаты: балалардың шеңбер бойымен сигнал бойынша жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қоянға еліктеп, топтастармен бірге жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.			Жапсыру. Тақырыбы: "Доппен ойнаған мысық". Мақсаты: балаларды желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуға үйрету; шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	
Менің Қазақстаным/ Мой Казахстан / My Kazakhstan // (4-апта)					
Мақсаты. "Қазақстан", "Отан" ұғымы қарапайым түрде ашылатын ойындарға, оқиғаларға балаларды қатыстырып, жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қазақстан туы". Мақсаты: балаларды тура және айналма жолмен жүгіруге үйрету; тура және айналма жолмен жүгіру барысында ептілік пен жылдамдық қабілеттерін қалыптастыру; текшелерден бір-бірден сүрінбей өтуге жаттықтыру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Саусақ санамағы". Мақсаты: балаларға санамақты педагогтің соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауға үйрету; отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік ойындарға белсенді қатысуға талпындыру.	Құрастыру. Тақырыбы: "Құлыншаққа қоршау". Мақсаты: балалардың құрылыс материалы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауға үйрету; үй жануарларына қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу; еңбек нәтижесіне қуану әдетін қалыптастыру.	Музыка. Тақырыбы: "Айгөлектей дөңгелеп". Мақсаты: балаларды еліміздің Әнұранын тыңдауда ерекше эмоциялық сезімде қабылдауға және әннің сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жалауды биікке көтереміз". Мақсаты: балаларды жалауларды сигнал бойынша көтеруге дағдыландыру; алға және кері тура жүгіруде текшелер қатары арасынан өтуге жаттықтыру; бір-бірден		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана мен балапандар". Мақсаты: балаларды сурет мазмұнындағы кейіпкерлермен, Дан мен балапандармен таныстыру; қуыршақ әрекеті арқылы балаларды үй құстарын күте білуге	Музыка. Тақырыбы: "Әнұран жаттайық". Мақсаты: балаларды Қазақстанның Әнұранын ерекше эмоциялармен қабылдауға машықтандыру, әннің салтанатты жағдайды білдіретінін түсінуге	

	сүрінбей өтуге ынталандыру.		үйрету; үй құстары туралы түсініктерін кеңейту; адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	баулу; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасауға ынталандыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Текшелерді айналып жүгіремін". Мақсаты: балалардың текшелерді айналып, бір-біріне сүрінбей, жүгіру қабілеттерін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Алаша". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай, бірыңғай түрде қалдыруға үйрету; қылқаламмен сурет салу техникасының алғашқы негіздерін қалыптастыру; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар

Қазан айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту -0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Қош келдің, Алтын күз! / Золотая осень / Gold autumn // (1-апта)					
Мақсаты. Балалардың күз мезгілі, жапырақтарды сарғайып жерге түсуі құбылысы жайында алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; эстетикалық талғам негіздерін қалау.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Салтанатты адым". Мақсаты: балаларды музыка әуенімен тізені жоғары көтеріп, салтанатты адымдауға үйрету; адымдау кезінде дене, қол, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; тазалық пен ұқыптылықты сақтауға тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер". Мақсаты: балаларды жеміс пен көкөніс түрлерімен таныстыру; "көкөністер", "жемістер" деп, біріктіріп айтуға үйрету; адамның еңбегін қадірлеу негіздерін салу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Жапырақтар". Мақсаты: балаларды біркелкі заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруге және ажыратуға үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы заттар арасынан тауып алып, бөлуге жаттықтыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ	Музыка. Тақырыбы: "Ару күз". Мақсаты: балаларды жаңбыр туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әнді музыка жетекшісімен ілесе айтуға жаттықтыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен жасау дағдыларын қалыптастыру.	

			пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Әдемі, салтанатты адым жасайық". Мақсаты: балаларды музыка әуенімен тізені жоғары көтеріп, салтанатты адымдауға дағдыландыру; сапта бір-біріне соғылмай жүруге үйрету; ырғақты есту қабілетін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қош келдің, алтын күзІ". Мақсаты: балаларға күз мезгілі туралы ұғым беру; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен және ерекшеліктерімен таныстыру; күз мезгіліне деген қызығушылықты ояту және табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Жапырақтар түсіп қалды". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, қағаз бетіне бірыңғай қимылмен жақпалар қойып отыруға үйрету; қылқалам қалдырып жатқан "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға дағдыландыру; түстер туралы эстетикалық талғамын қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тізені жоғары көтеріп жүрейік".			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Үлкен және кішкентай сәбіздер".	

	Мақсаты: балалардың тізені жоғары көтеріп жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ырғақты есту қабілетін дамыту; ұйымшылдыққа баулу.			Мақсаты: балаларды берілген ермексаздың бөлігін алақанға салып жылыту, илеу, алақанмен үйкелеу арқылы "сәбізді" жасауға үйрету; балаларға сәбіздің күзде пісетіні туралы түсініктер беру.	
Күзсыйы / Дарыосени / The gifts of autumn // (2-апта)					
Мақсаты. Балалардың күздің сыйы жеміспен көкөніс түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру; адамның күзгі еңбегіне деген қызығушылығын тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Денешынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектеп жеміс жинайық". Мақсаты: балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуге үйрету; шапшаңдық қатербиелену; қауіпсіздік техникасы мен еңбектің қажетін сақтауға баулу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Шалқан" ертегісі". Мақсаты: балаларды "Шалқан" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; олардың бойында еңбектің қадірлеу негіздерін қалыптастыру.	Құрастыру. Тақырыбы: "Күздік алмаларға қорапша". Мақсаты: балалардың құрылыс материалдарымен қорапша құрастыруға үйрету; кірпіштік көлденең және көк атарқоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; күзгі уақыттағы адамның еңбегін құрметтеу әдебіне тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Күз сыйлаған топ-топ". Мақсаты: балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай	

				үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құмырсқалар секілді еңбектенеміз". Мақсаты: балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуге жаттықтыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстануға ынталандыру.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жапырақтар". Мақсаты: балаларға жапырақтардың түсуі туралы ұғым бере отырып, олардың күз мезгіліндегі түсі, ерекшеліктері, құрылымы жөнінде білімдерін кеңейту; эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	Музыка. Тақырыбы: "Тұлпарым". Мақсаты: балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектейік, ерінбейік". Мақсаты: балалардың қатар қойылған заттар арасымен еңбектей білу қабілеттерін жетілдіру; зеркетікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Алма". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен дөңгелек үлкен алманы салуға үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап	

				отыруға машықтау; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.	
Асатасы – нан / Хлебвсемуголова / Bread is the staff of life // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларғананөнімітуралыалғашқыбілімдерберу; адамныңнегізгіязығын, нанды, құрметтеугетәрбиелеу.					
Оқуқызмет ініңтүрі, тақырыбы, мақсаты.	Денешынықтыру. Тақырыбы: "Нанқадірі". Мақсаты: балалардыңнантуралыұ ғымдарынқалыптастыр у, заттардықұлатпайаттап жүрудағдыларындамыт у; заттарданаттаукезіндегі ептілікқабілеттерінжеті лдіру.	Сөйлеудідамыту. Тақырыбы: "Нанныңқасиеті". Мақсаты: балаларғананнныңқасие тіменмаңызытуралытүс інікберу; нанныңқандайеңбекпен әзірленетінітуралықысқ ашамағлұматберу; нанөнімдеріатауларыар қылыой-өрісінкеңейту, тіліндамыту; нандықастерлеугетәрби елеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Жеміс- көкөністерденжасалған тоқаш". Мақсаты: балалардыәртүрлізатта рменгеометриялықпіші ндердіңортақсенсорлық сипаттарынбіріктіруге жәнеажыратуғаұйрету; олардыңайырмашылығ ыменұқсастығыжақынп ішіндерді (дөңгелекпенсопақшан ы) салыстырабілуқабілетт ерінқалыптастыру.	Музыка. Тақырыбы: "Көңілдітоқаштар". Мақсаты: балалардыңәндімұқиятт ындайотырып, сипатыменмазмұнынаж ыратабілугеұйрету; бесікжырынмузыкажет екшісіменбіргеайтуғада ғдыландыру; топпенмузыкаменқимы лдыүйлесімдіжасауғаж аттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Нан болса, ән де болады".		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Наубайшы".	Сурет салу. Тақырыбы: "Тоқаштар".	

	Мақсаты: балалардың нанға құрмет сезімдерін қалыптастыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын жетілдіру; сапта бір-біріне соғылмай жүруге үйрету.		Мақсаты: балаларды наубайшының еңбегімен таныстыра отырып, піскен нанның дайындалу кезеңдерін бақылату; нанның қасиеті туралы ұғым беру; нанға деген ерекше құрметін ояту; наубайшы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Мақсаты: балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, бұру бағытымен тұйықтап, нүктеге жеткізуге үйрету; қағаз бетіндегі көлденең түзу сызық бойын ортаға қарай тұйықталған дөңгелек тоқаштармен толтыруға жаттықтыру; нанға құрмет сезімін тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аттап жүгірейік". Мақсаты: балалардың нанның адамға қажет өнім екендігі туралы түсіндіру; үлгілі көрсетілім және нұсқау бойынша заттардан құлатпай аттап өту қабілеттерін пысықтау.			Жапсыру. Тақырыбы: "Піскен бауырсақтар". Мақсаты: балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, пішінге желімді	

				жағып жапсыруға, сүлгіні қолдануға үйрету; нанды құрметтеуге тәрбиелеу.	
Жыл құстары / Перелетные птицы /Migratory of birds // (4-апта)					
Мақсаты. Балаларға жыл құстарының жылы жаққа ұшуы туралы алғашқы түсініктерді беру; құстардың дене құрылымына және шығаратын дыбыстарына деген қызығушылықтарын тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Секіреді торғай". Мақсаты: балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіруге үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "М. Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңі". Мақсаты: балаларды М. Мақатаевтың "Сап- сары жапырақтар" өлеңінен үзіндісін таныстыра отырып, күз мезгілінің құбылысы мен жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күздің құбылыстарын көркем сөзбен бейнелеуге жаттықтыру; күзгі табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын	Құрастыру. Тақырыбы: "Балапанға саты". Мақсаты: балаларды кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, балапанға саты құрастыруға үйрету; үй құстары тіршілігіне әуестенушілігін арттыру; еңбек нәтижесіне қуану әдетіне тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Торғайсың, тынбайсың!". Мақсаты: балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай білуге тәрбиелеу.	

		ояту; эстетикалық талғам негіздеріне тәрбиелеу.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көңілді секірейік!". Мақсаты: балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Көлдегі үйректер". Мақсаты: балаларға үй құстарына жататын үйректің тіршілігі туралы ұғым беру; сурет мазмұны бойынша аталған кейіпкерлермен таныстыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету; үй құстарына деген қызығушылықты ояту, және қамқорлыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Құстар әні". Мақсаты: балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Торғай секілді секірейік". Мақсаты: балаларды заттардың үстінен екі			Сурет салу. Тақырыбы: "Сары балапан". Мақсаты: Балаларды қарындаш	

	аяқпен секіре білуге дағдыландыру; ойын-жаттығуларда белсенді, епті, шымыр болуға ынталандыру.			жуандығындай таяқшаны үш саусақпен ұстап, сорғышқа оралған ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып, балапан сұлбасы ішін толық бояуға үйрету; балапан денесі үлпілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру.	
--	---	--	--	--	--

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар

Қараша айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту -0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Жомарт күз / Щедрая осень/ Generous autumn // (1-апта)					
Мақсаты. Балаларға күзде жеміс пен көкөністерден басқа, саңырауқұлақ, жаңғақ бар екендігі туралы түсіндіру; табиғат құбылыстарын бақылап, эмоционалды жауаптар беруге ынталандыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Домалайды алмалар". Мақсаты: балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуына үйрету; жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Балапан". Мақсаты: балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстырып, оларды атауға үйрету; тапқарты педагогтің оқу мәнеріне еліктеп айтуға балаларды баулу; үй құстарының бірі балапанның тіршілігі туралы жалпы түсінік беру; ой-өрісін, тілін дамыту; үй құстарына деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Үлкен және кішкентай үйшіктер". Мақсаты: балаларды заттардың көлемін және түсін сәйкестендіріп, ажыратуға үйрету; үшбұрыш, дөңгелек, шаршы пішіндерін қолданып, үйшіктерді құрастыруға жаттықтыру; үй жануарлары және олардың төлдері жөнінде түсініктерді пысықтау;	Музыка. Тақырыбы: "Жайсаң күз". Мақсаты: балалардың музыканы тындап, ырғақты қимылдар арқылы эмоционалды жауап қайтару қабілетін қалыптастыру; әнге ілесе айтуға және сипатын ажырата білуге үйрету; жомарт күздің жалпы мағынасын түсіндіру; әдемілікті қабылдай білуге тәрбиелеу.	

			ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Күнге ұқсаймыз". Мақсаты: балалардың допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуын орындай білу қабілетін пысықтау; зейінді, көзбен дәлдеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер". Мақсаты: балаларды жемістер мен көкөністердің бірнешеуін атауға, сыртқы сипатына қарап, ажыратуға үйрету; көгөніс түрлерінің бақшада, жемістердің бау-бақшада өсетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың тілін, ой-өрісін дамыту; адамның еңбегін қадірлеу негіздерін салу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Күн". Мақсаты: балаларға түсі сары бормен қағаз бетінің ортасына дөңгелек тәрізді пішінді салу техникасын игерту; дөңгелек пішіні айналасына жан-жаққа созылған түзу сызықтарды салып, суретті "күн" деп атауға үйрету; сурет салуда жағымды эмоциялық сезімдерге бөленуге машықтау.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Домалатайық қане біз". Мақсаты: балаларды допты екі қолымен			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Тиінге жаңғақ". Мақсаты: балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда	

	ұстап, бір-біріне домалатуға дағдыландыру; жаттығуларды сөздік нұсқамаларды тыңдап, жаттығуларды орындауға үйрету; зейінді, көзбен дәлдеу қабілетін дамыту.			дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауға үйрету; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.	
--	---	--	--	--	--

Көлік/ Транспорт/ Transports // (2-апта)

Мақсаты. Балаларға көліктер туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру; көліктердің ерекше қимылдайтынын, дыбыс шығаратынын байқату.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көліктегі жемістер". Мақсаты: балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыруға үйрету; ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Паровоз". Мақсаты: балаларға Қ. Мырзалиевтің "Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыруда паровоз көлігінің дыбысын айтқызып, дыбыстық тіл мәдениетін қалыптастыру; шығарма мазмұнын түсініп, сұрақтарға қарапайым жауаптар қайтаруға машықтау; тілін, ой-өрісін,	Құрастыру. Тақырыбы: "Жүк машинасы жолы". Мақсаты: балаларға кірпіштерді жазықтыққа жатқызып, бір-біріне тізбектеп қосу арқылы "жүк машинасы жолын" құрастыру техникасын игерту; өзі жасаған еңбек нәтижесінен эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру; машинаның жүруіне	Музыка. Тақырыбы: "Пойыз". Мақсаты: балалардың әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін дамыту; музыка әлеміне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	

		қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; көркем сөзге деген қызығушылықтарын ояту; ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	жолдың қажеті туралы түсінік беру; тиянақтылыққа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Доптарды лақтырайық". Мақсаты: балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыруға дағдыландыру; көзбен дәлдеу қабілетін дамыту, қол, арқа бұлшықеттерін жетілдіру.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жүргізуші әрекетін бақылау". Мақсаты: балаларды жүргізушінің әрекетіндегі қимылдарды бақылауға үйрету; жүргізушінің еңбегі туралы жалпы түсінік беру; қоршаған ортадағы таныс объектілерге деген зеректігін, танымын, эмоциялық қабылдауын дамыту; достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Көліктер әні". Мақсаты: балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жоғарыға			Сурет салу. Тақырыбы: "Пойыз	

	допты лақтырайық". Мақсаты: балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыра білу қабілетін жетілдіру; ойындарда зерек, шымыр, ұйымшыл болуға баулу.			келе жатыр". Мақсаты: балаларға қылқаламмен біркелкі қимылдармен жақпаларды қатарға салу техникасын игерту; вагон тәріздес пішінге салынған жақпалар қатарын "пойыз терезелері" деп тануға үйрету; шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
--	---	--	--	---	--

Жабайы табиғат әлемі/ Мир дикой природы/ World Wide Fund for Nature // (3-апта)

Мақсаты. Балаларда жабайы табиғат туралы қарапайым ұғымдар қалыптастыру; жабайы аңдардың тіршілігін бақылап, қызығушылықтар тудыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жарысайық, аюмен!" Мақсаты: балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру әдісіне үйрету; жүру икемділігін қалыптастыру; дене және аяқ	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Көжек". Мақсаты: балаларды көжек ойыншығын қолданып, қарапайым ойында оның қимылын бейнелеп, тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру; көжектің тіршілігі жөнінде ұғым беру;	Сенсорика. Тақырыбы: "Көліктегі аңдар". Мақсаты: балаларға заттарды және олардың бөлшектерін шамалары бойынша сәйкестендіру амалдарын көрсету; геометриялық пішіндерді (дөңгелекті, шаршыны,	Музыка. Тақырыбы: "Кірпі". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда және музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындауда есте сақтау қабілеті мен зейінін	

	бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	тілін, есте сақтау мен эмоцияны таныту қабілеттерін дамыту; қамқоршы бола білуге тәрбиелеу.	үшбұрышты) ажырату біліктерін қалыптастыру; қоршаған табиғат әлеміне әуестенушілігін ояту.	дамыту; музыкалық-эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көпірден құлап кетпейік". Мақсаты: балаларда екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Тиін". Мақсаты: балаларды тірі табиғат объектісі тиіннің тіршілігін бақылауға үйрету; тиіннің қорегі мен қимылдау ерекшеліктері туралы түсініктер беру; қабылдау қабілетін, тілін, зейінін дамыту; жабайы аңдарға деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру.	Сурет салу. Тақырыбы: "Кірпі". Мақсаты: балаларды доғалы сызық бойына тіке қысқа сызықтарды ("инелерді") қарындашпен белгілі ырғақпен салу техникасын игерту; суретті "кірпі" деп атауға үйрету; кірпі туралы жалпы түсініктері беру; табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тура бағытта жүреміз".			Жапсыру. Тақырыбы: "Қонжықтың	

	Мақсаты: балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүреге білуге жаттықтыру; бір-біріне соғылмай, арақашықтықты сақтауға дағдыландыру; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.			сылдырмақтары". Мақсаты: балаларға домалақ және сопақша пішіндерінен тұратын қонжықтың сылдырмақтарының бейнесін жапсыруды үйрету; сылдырмақты қағаз бетіне тіке орналастыруға бейімдеу; желімдеу және майлықты қолдану техникасын қалыптастыру; қонжықтың жүрісіне деген қызығушылықты арттыру.	
--	---	--	--	---	--

Ғажайыптар әлемінде/ В мире сказок // The World of Fairy Tails (4-апта)

Мақсаты. Балаларды ертегілер әлімімен таныстыру; ертегі желілерінде болатын оқиғаларға эмоционалды жауаптар қайтаруға ынталандыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қасқырдан ептіміз". Мақсаты: балаларды сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуге	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Бауырсақ" ертегісі". Мақсаты: балаларды «Бауырсақ» ертегісі желісімен таныстыру; ертегі кейіпкерлерінің	Құрастыру. Тақырыбы: "Ақтөс күшіктің үйшігі". Мақсаты: балаларды кірпіштерді көлденең, призманы үстінен қойып, күшікке үйшікті	Музыка. Тақырыбы: "Ормандағы бауырсақ". Мақсаты: балалардың мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсіне	

	үйрету; педагогтің нұсқауларына көңіл аударып, жаттығуларды ептілікпен орындауға баулу; төзімділікке, достыққа тәрбиелеу.	сөздерін қайталатуға машықтау, олардың қимыл-қозғалыстарына еліктеуге үйрету; тілін, есте сақтауын дамыту; ертегі желісі бойынша эмоционалды қатынасқа түсе білу қабілетіне тәрбиелеу.	кұрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; үй жануарларына қамқорлыққа тәрбиелеу; өзінің еңбек нәтижесіне қуана білу әдетін қалыптастыру.	білуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қасқыр мен қоян". Мақсаты: балаларды биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуге дағдыландыру; сөздік нұсқауларға көңіл аударып, жаттығуларды ептілікпен орындауға баулу; төзімділікке тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ит пен күшік". Мақсаты: балаларды "Ит пен күшік" суретімен таныстыру; кейіпкерлерді суреттің жазықтығында тауып алып, атай білуге үйрету; ит пен күшік туралы жалпы түсініктер қалыптастыру; үй жануарларына қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: ""Бауырсақ" ертегісін сомдайық". Мақсаты: балаларды музыка арқылы әйгілі ертегі кейіпкерінің ерекшелігін түсіне білуге ынталандыру; музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін жетілідіру.	
	Дене шынықтыру.			Сурет салу.	

	Тақырыбы: "Біз ептіміз". Мақсаты: балалардың өздікпен сап түзеп жүріп, жүгіріп және биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өте білу қабілеттерін жетілдіру; жаттығуларды қызығушылықпен орындауға ынталандыру; достыққа тәрбиелеу.			Тақырыбы: "Бауырсақ қашты қояннан". Мақсаты: балаларға пішіні дөңгелек тәріздес бауырсақ бейнесін қоян бейнесінің жанына қылқаламмен салу амалына үйрету; "Бауырсақ" ертегісі мазмұнын пысықтау; сары түсті ажырату білігін арттыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру.	
--	--	--	--	--	--

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар

Желтоқсан айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту - 0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Алақай, қыс келді!/ Зимushка-зима!/ Winter // (1-апта)					
Мақсаты. Балалардың қыс мезгілі, қар жауыны салынан даладағы барлық жер аппақ болатыны жайында алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; эстетикалық талғам негіздерін қалау.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Секірейік, тоңбайық!". Мақсаты: балаларды бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету; секіру дағдыларына машықтандыру; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Міне, қар жауды!" Мақсаты: балаларға қыс туралы түсінік беру; тақпақ мазмұны бойынша қыстағы негізгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; тақпақты жаттауға қызығушылықтарын арттыру; қыс мезгіліне қызығушылықтарын ояту.	Сенсорика. Тақырыбы: "Қорқақ қоян". Мақсаты: балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру қабілетіне үйрету; әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, түсі және түрлі топтама қасиеттері мен сапасы бойынша бірін-біріне сәйкестендіруге дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Аппақ қар". Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, шат-шадыман күйге бөлену сезімдерін қалыптастыру; көңілді музыка сипатына сай қимылдар жасауға жаттықтыру; ойындарда топпен бірігуге дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кенгуру		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Алақай,	Сурет салу. Тақырыбы: "Аппақ	

	ұқсап секірейік". Мақсаты: балаларды бір орында тұрып қос аяқпен секіруге дағдыландыру; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.		қыс келді!" Мақсаты: балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен таныстырып, қыс айларының адам өміріне пайдалы ықпалы туралы білімдер негізін қалау; қыс мезгіліне деген қызығушылықты арттыру және оқу қызметінде достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	қар". Мақсаты: балаларды қылқалам ұшымен қағаздың бетіне нүктелерді қою сурет салу тәсілімен таныстыру; сурет салуда қардың дөңгелек пішініне ұқсайтынын көрсету; қалдырған нүктелерді бақылап, бос орындарды толтыруға бейімдеу; қарды бейнелеу барысында эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қоян секіруге шақырады". Мақсаты: балаларды бір орында тұрып қос аяқпен секіру жаттығуларын орындауда жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Қар". Мақсаты: балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдеріне	

	дамыту; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.			жаттықтыру; қардың қасиеттері туралы түсінік беру; өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу.	
Жайнай бер, менің Қазақстаным!/ Процветай, мой Казахстан! / Prosper, my Kazakhstan (2-апта)					
Мақсаты. Балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныстыру; Отан туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тәуелсіз Қазақстан". Мақсаты: балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе- теңдікті сақтап жүріп, өтуге үйрету; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Менің Отаным". Мақсаты: балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау; балаларды Отанға, Қазақстанға деген елжандылық сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Жүргінші жолы". Мақсаты: балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру.	Музыка. Тақырыбы: "Елімнің елтаңбасы". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Алға, Қазақстан!". Мақсаты: балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап, жүре білуге дағдыландыру; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Алтын балық". Мақсаты: балаларды аквариумдағы балықтардың дене құрылымымен, тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; байқағыштыққа, тірі табиғат өкілдеріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Елімнің рәміздері". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тальго пойызы". Мақсаты: балалардың биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындар барысында жағымды эмоцияларға бөленуге баулу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Бәйтерек". Мақсаты: балаларды Бәйтерек кескінін бойына қарындашпен көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілімен таныстыру; сызықтарды жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен	

				салуға жаттықтыру; жағымды эмоциялық сезімдер мен мақтануына мүмкіндіктер туғызу.	
Қош келдің, Жаңа жыл! / Здравствуй, Новый год! / Happy New Year // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларға қысқы мерекелердің бірі Жаңа жыл мерекесі жайында жалпы түсініктер беру; жасыл шырша, аққаламен қызықты ойындарға баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қалайық қардан аққала". Мақсаты: балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуға (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; дөңгелек заттардың домалау қасиеттерімен таныстыру; домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшықеттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ғажайып дорба". Мақсаты: балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру; жаңа жыл мерекесіне қызығушылығын арттыру; ғажайып дорбаға әуестенушілігін ояту.	Сенсорика. Тақырыбы: "Шыршаны безендіру". Мақсаты: балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттеріне үйрету; геометриялық пішіндер мен денелердің сипаты мен қасиеттеріне қызығушылықтарын ояту.	Музыка. Тақырыбы: "Әсем шырша". Мақсаты: балаларды әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге және топпен ілесе ән айту дағдысына үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; би әуеніне шаттану сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.		Жаратылыстану.	Сурет салу.	

	Тақырыбы: "Аққала". Мақсаты: балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалата (арақашықтығы 1-1,5м) білуге дағдыландыру; допты домалатудың техникасын жетілдіру; қол, дене бұлшықеттерін, көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту.		Тақырыбы: "Қар жауды". Мақсаты: балаларды қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін байқап, тек қыс мезгіліне тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау; қысқы табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты ояту.	Тақырыбы: "Мерекелік жалаулар". Мақсаты: балаларды доғалы сызық бойына жалауларды қылқалам арқылы салу тәсілімен таныстыру; қысқы мерекелер туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру; қылқалам түгін сызыққа тигізіп, жақпа қойып отыруға жаттықтыру; сызықты "жалауларға" толтыруға дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Домалатайық қане біз". Мақсаты: балалардың допты қақпаның ішіне қарай домалата (арақашықтығы 1-1,5м) білу техникасын			Жапсыру. Тақырыбы: "Шырша шары". Мақсаты: балаларды үлкен домалақ кескін ішін ұсақ, бірыңғай көлемдегі домалақтармен, бір-біріне тигізбей	

	жетілдіру; көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту; ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.			жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	
--	---	--	--	--	--

Жаңа жылдық сыйлықтар / Новогодние подарки / New year present // (4-апта)

Мақсаты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарға деген ерекше қызығушылықтарын тудыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жаңа доп". Мақсаты: балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, қайтадан лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, саусақ бұлшықеттерін дамыту; мәдени-тазалық шараларын сақтауға тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Үйшік" ертегісі". Мақсаты: балаларды "Үйшік" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарманы мұқият тыңдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға үйрету; жабайы аңдардың тіршілігіне	Құрастыру. Тақырыбы: "Мұнара". Мақсаты: балаларды текше мен призмадан мұнара құрастыруға үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету; еңбек нәтижесіне шаттану әдетін қалыптастыру.	Музыка. Тақырыбы: "Аяз ата сыйлығы". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	

		әуестенушілігін арттыру.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жаңа жылдық сыйлығым". Мақсаты: балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, қайтадан лақтыра білу қабілеттеріне жаттықтыру; лақтыру кезінде қол, саусақ бұлшықеттерін дамыту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жасыл шырша". Мақсаты: балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; шырша ағашына деген қызығушылықты ояту және табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Ғажайып сыйлықтар". Мақсаты: балалардың әннің сипаты мен қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу қабілеттерін жетілдіру; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты қағып алу". Мақсаты: балалардың допты қағып алып, қайтадан лақтыра білу қабілеттерін жетілдіру; көзбен дәлдей білуге, шапшаң, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Шыршадағы ойыншықтар". Мақсаты: балалардың сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын оятып, қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелермен шырша кескініне	

				толықтырып, бояуға үйрету; жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру; шыдамдылық тәрбиелеу.	
--	--	--	--	--	--

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар

Қаңтар айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту -0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Қыс қызығы / Зимние забавы / Winter fun // (1-апта)					
Мақсаты. Балаларды қысқы ойындар түрлерімен таныстыру; қысқы ойындарға қатысу үшін қажетті киім үлгілері мен атрибуттарды таңдауға үйрету.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дөңге өрмелейік". Мақсаты: балаларды тізерлеп, қолмен аяққа сүйеніп алға еңбектеуге және доға астынан еңбектеп өтуге үйрету; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін, ептілік қабілеттерін дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Қуыршақ Данамен серуендеу". Мақсаты: балаларға қыс қызығы туралы түсінік беру; адамның қысқы киімдерінің атауына үйрете отырып, олардың түрлерімен таныстыру; адамның қыс мезгіліндегі тіршілік ерекшелігі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; қыс мезгіліне деген қызығушылықтарын ояту.	Сенсорика. Тақырыбы: "Қолғап". Мақсаты: балалардың түрлі жаттығулар барысында заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, пішіні мен түсі бойынша сәйкестендіру қабілеттерін арттыру; кез келген геометриялық пішіндер түрлерін біркелкі немесе өзге пішіндермен біріктіріп, жаңа пішін немесе бейне құрастыру тәсілдерімен таныстыру.	Музыка. Тақырыбы: "Көңілді қыс". Мақсаты: балаларды қыс туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әнді музыка жетекшісімен ілесе айтуға жаттықтыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен жасау дағдыларын қалыптастыру.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз қалай өрмелейміз?". Мақсаты: балаларды тізерлеп, қолмен аяққа сүйеніп, доға астынан еңбектеп өтуге дағдыландыру; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қысқы ойынға шығайық". Мақсаты: балалардың мазмұнды сурет арқылы қысқы ойындар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, көрсетуге дағдыландыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету.	Сурет салу. Тақырыбы: "Қысқы алашадағы қар". Мақсаты: балалардың қарындашпен сурет салу әрекетінде қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен қардың пішіндері мен түсін қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дені саудың - жаны сау". Мақсаты: балалардың тізерлеп, қолмен аяққа сүйеніп, доға астынан еңбектеп өте білу қабілеттерін жетілдіру; шымыр, епті болуға			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Шырша моншақтары". Мақсаты: балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету;	

	тәрбиелеу.			кұрдастарымен ойнау арқылы жағымды эмоционалды сезімге бөлене білу қабілетін қалыптастыру.	
Қардың пайдасы / Свойства снега / Properties of snow // (2-апта)					
Мақсаты. Балалардың қардың негізгі (түсі ақ, ұстағанда суық, еру) қасиеттерімен таныстыру; қармен ойнауда қауіпсіздік ережелері жайында түсініктер беру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тоңады қардан аяқтар". Мақсаты: бір орында тұрып қос аяқтап секіруге үйрету; балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыларына баулу; айналадағы қоршаған ортаға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қар". Мақсаты: балаларды Қ. Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың табиғи қасиеттері туралы ұғым беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Шаңғы жолы". Мақсаты: балаларды кірпіштер кірпішті жатқызып, келесі кірпішті бірінші кірпішке қосып, екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету; екінші жіңішке жолды бірінші жолдың бағытмен құрастыру амалдарына машықтандыру; қысқы ойын түрлеріне деген қызығушылықтарын ояту.	Музыка. Тақырыбы: "Ақша қар". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгіліне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.		Жаратылыстану.	Музыка.	

	Тақырыбы: "Қыс қызығы қарда". Мақсаты: балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыландыру; ойындар барысында бір-біріне кедергі жасамауға ынталандыру.		Тақырыбы: "Қардың қасиеті". Мақсаты: балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру; қарды көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.	Тақырыбы: "Ақшақармен би билейік". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ырғағы мен сипатына сай үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандару.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қыста қандай ғажап". Мақсаты: балалардың 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру қабілеттерін жетілдіру; шымыр, епті болуға баулу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Ақша қар". Мақсаты: балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап,	

				дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру; шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Аңдардың қысқы тіршілігі / Зима в лесу / Winter in the forest // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларға аңдардың қысқы тіршілігі жайында жалпы түсініктер беру; аңдардың қимылдарына еліктеуге ынталандыру; аңдардың ормандағы тіршілігін бақылауға деген қызығушылықты туғызу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қысқы ормандағы аңдар". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге үйрету; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Аю мен әтеш". Мақсаты: балаларды аю мен әтеш туралы тақпақтың мазмұнымен таныстыру; аю мен әтештің дыбыстау ерекшеліктерімен және "а" мен "ә" дыбыстарының сөз құрамында дұрыс айтылуын қадағалау; аю мен әтештің тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.	Сенсорика. Тақырыбы: "Ормандағы қыс". Мақсаты: балалардың зейінін сұр түстің қасиетіне аудару және әртүрлі заттардың айырмашылықтарына қарамай, түсі бойынша сәйкестендіруге үйрету; заттардың ұқсас қасиеттерін табуға және екі түрлі топтамаға аталған қасиеті бойынша бөліп алуға дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Сұр көжек". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгілінде жануарларға деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.		Жаратылыстану.	Сурет салу.	

	Тақырыбы: "Орман аңдарының іздері". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге дағдыландыру; дене тепе-теңдігін сақтау ептілігіне баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		Тақырыбы: "Қысқы ормандағы аңдар". Мақсаты: балаларды жабайы аңдардың қысқы ормандағы тіршілік ерекшелігімен таныстыру; әр жабайы аң туралы қысқаша түсінік бере отырып, олардан қорғану ережелеріне үйрету; жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылықты ояту және қамқорлыққа тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Түлкі іздері". Мақсаты: балалардың саусақпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру; ересекпен ортақ ойынға белсенді қатысу қабілеттерін қалыптастыру; аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылық қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қай аңның ізі?". Мақсаты: балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру қабілеттерін жетілдіру; ойындар барысында епті және зерек болуға, жағымды			Жапсыру. Тақырыбы: "Қоян". Мақсаты: балаларды дайын аяқталмаған қоян бейнесін (басы мен денесін) сопақша және домалақ пішіндермен жапсыруға үйрету; жабайы аңдардың	

	эмоцияларға бөлене білуге ынталандыру.			қысқы тіршілігіне және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру.	
Қыстайтын құстар / Зимующие птицы / Wintering birds // (4-апта)					
Мақсаты. Балаларға қыстайтын құстардың тіршілігі жайында жалпы түсініктер беру; қыстайтын құстардың қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ауала құстарының тіршілігін бақылауға деген қызығушылықтарды туғызу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстарға жем шашайық". Мақсаты: балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білуге үйрету; қол, дене бұлшық еттерін, допты алысқа лақтыра білу ептілігін дамыту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Шұбар тауық" ертегісі". Мақсаты: балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпынысты дамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын қалыптастыру; адам еңбегін қадірлеу сезімдеріне тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Жемшашар". Мақсаты: балаларға қыстайтын құстар туралы түсініктер беру; балалардың құрылыс материалдарынан пішін құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыру; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Суық торғай". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көгершінмен ойын ойнайық". Мақсаты: балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білуге дағдыландыру; қол, дене бұлшық еттерін, ептілігін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ауладағы құстар". Мақсаты: балаларды қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру арқылы қарға мен торғайды ажыратуға үйрету; балалардың байқағыштығын дамыту; құстардың тіршілігіне деген қызығушылықты ояту және тірі табиғат өкілдеріне қамқорлыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Жем берейік уыстап". Мақсаты: балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстармен бірге ойнайық". Мақсаты: балалардың допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білу қабілеттерін жетілдіру; көзбен дәлдеуге, епті болуға, ойын желісіне белсенді қатысуға			Сурет салу. Тақырыбы: "Құстар жем шоқиды". Мақсаты: балаларды жемшашарды ұшына мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға дағдыландыру; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға	

	ынталандыру.			дұры малуға көңіл аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру.	
--	--------------	--	--	--	--

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар

Ақпан айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту -0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Мен және қоршаған орта / Я и окружающий мир / Me and the world around me // (1-апта)					
Мақсаты. Балаларға қоршаған заттардың қасиеттері және бір-екі үй жануарларының тіршілік ерекшеліктері жайында алғашқы түсініктері беру, қызығушылық тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектеген марғау". Мақсаты: балаларды доғадан төрт тағандап еңбектеп өтуге үйрету; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеуде балалардың қол, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; балаларды ептілік пен жылдамдыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Жануарлар қалай дыбыстайды?". Мақсаты: балаларды үй жануарлары дыбыстайтын дауысты дыбыстарды буындар құрамында айтуға үйрету; жануарлардың төлдері атауларын жатқа айтқызу; үй жануарлары тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.	Сенсорика. Тақырыбы: "Ыдыстар". Мақсаты: балаларды заттардың сенсорлық эталоны, көлемі бойынша салыстыруға, сәйкестендіруге үйрету; ыдыстар түрлерінің бірі табақтарды үш түрлі көлемі бойынша қатарға тізуге, бір-бірінің үстіне салуға, олардың көлеміне сай піспенанды (печеньені) орналастыру қабілетін жаттықтыру.	Музыка. Тақырыбы: "Қошақан". Мақсаты: балалардың музыканы тындай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуеніне сай ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасау дағдыларын қалыптастыру; шығармашылық әрекет пен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.		Жаратылыстану.	Сурет салу.	

	Тақырыбы: "Доғадан еңбектеп өту". Мақсаты: балаларды доғадан төрт тағандап еңбектеп өтуге дағдыландыру; ептілік пен жылдамдыққа тәрбиелеу.		Тақырыбы: "Жіппен ойнаған марғау". Мақсаты: мысықтың баласы марғау туралы түсініктерін қалыптастыру, оның қалай дыбыстайтынын меңгерту, үй жануары марғауға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Ала Марғау". Мақсаты: балаларды қылқалам және бояу арқылы марғау сұлбасына тіке жатқан сызықтарды салу техникасына үйрету; салынып шыққан суретті "ала марғау" деп атауға үйрету; мысықтың тіршілігі туралы түсініктерді жетілдіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Марғау ұқсап еңбектейміз". Мақсаты: балалардың доғадан төрт тағандап еңбектеп өте білу қабілеттерін жетілдіру; ойын желісіне белсенді қатысуға ынталандыру.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Бауырсақ". Мақсаты: балалардың дөңгелек пішін туралы түсініктерін пысықтау; ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеудің тәсіліне үйрету; ертегі әлеміне деген тұрақты қызығушылығын	

				арттыру, төзімділікке тәрбиелеу.	
Алауан-алуан кәсіп бар / Все работы хороши / Professions // (2-апта)					
Мақсаты. Балаларды бір-екі мамандық иелелерімен таныстыру; адамның еңбегін бақылауға баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Мен спортшы боламын!" Мақсаты: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруге және биіктен қос аяқпен секіре білуге үйрету; тепе-теңдікті сақтау ептілігі мен аяқ бұлшық еттерін дамыту; балаларды оқу қызметі барысында бір-біріне кедергі жасамауға баулу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Көше тазалаушы". Мақсаты: балаларды Қ. Мырзалиевтің "Көше тазалаушы" өлеңімен таныстыру, мазмұнын түсіну қабілетін арттыру; көше тазалаушының еңбегі туралы түсініктер беру; көше тазалаушының әрекеттері туралы өлеңде кездесетін сөздермен жеткізуге машықтау; адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Қошақанға шарбақ". Мақсаты: балаларды кірпіштерді тігінен бір қатарға қойып, шарбақ құрастыруға үйрету; зерттеу барысында кірпіштердің тұрақтылығын байқауға баулу; үй жануарларына деген қамқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Ұшқыш". Мақсаты: балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шынықсын денеміз". Мақсаты: балалардың гимнастикалық		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Көше тазалаушы". Мақсаты: балалардың байқағыштығын,	Музыка. Тақырыбы: "Ұшқыш боламын". Мақсаты: балаларды әнді тыңдап,	

	орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруге және биіктен қос аяқпен секіре білу дағдыларын жаттықтыру; бір-біріне кедергі жасамауға баулу.		қабылдауы мен қабілетін, танымын, тілін, эмоциялық сезімдерін дамыту. Балаларда мамандық иелеріне деген қызығушылықты ояту және адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	музыкалық сипатын ажырып, ырғаққа сай қимылдауға ынталандыру; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз мықты боламыз". Мақсаты: балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру, биіктен жерге қос аяқпен секіре білу дағдыларын жаттықтыру; зерек, епті, шымыр болуға баулу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Сөредегі табақтар". Мақсаты: балаларды қарындашпен шақпақтар ішіне кезегімен дөңгелек пішінді табақтарды салуға үйрету; ыдыстың тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру; ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
Техника және біз / Техника и мы / We and technique // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларда тұрмыстық техника жайында алғашқы ұғымдар қалыптастыру; тұрмыстық техника үлгілерін адамның тұрмысында көмекші құрал ретінде көруге баулу.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Велосипед". Мақсаты: балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға және дәл көздеп лақтыра білуге үйрету; допты ыңғайлы ұстау икемділіктері мен нысанаға көздеу қабілетін дамыту; топпен жаттығу жасай білуге тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Шәйнек". Мақсаты: балалардың үй жануарларын шайға шақыру арқылы есте сақтауы мен тілін, дүниетанымы мен зеректігін дамыту; қонақ шақыру кәдесіне деген қызығушылықтарын ояту; мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Пирамида". Мақсаты: балалардың заттардың сенсорлық қасиеті, көлемі жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру; заттарды биіктігі бойынша салыстыруға, сәйкестіруге үйрету; сағат туралы жалпы түсіндіру; үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Электроника әлемі". Мақсаты: балаларды табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әннің сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; мәдени қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Пингвинмен жаттығу жасайық". Мақсаты: балаларды бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалатуға және дәл көздеп лақтыра білуге дағдыландыру; көзбен дәлдеп, жаттығуларды зеректікпен,		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Тоңазытқыш". Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау қабілетін, танымын, тілін, эмоциялық сезімі мен түйсіктерін, коммуникативтік дағдыларын дамыту; тұрмыстық техникаға деген	Сурет салу. Тақырыбы: "Қорапшаға кәмпит жинадық". Мақсаты: балаларды саусақпен бояуды қағаз бетіне бастыру техникасына үйрету; салынған суретті "қорапшада кәмпиттер" деп көруге үйрету; ыдыстың	

	сабырлықпен орындауға ынталандыру.		қызығушылықты ояту және үй қолданысындағы заттарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру; ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Пингвин ұқсап жүрейік". Мақсаты: балалардың допты қарсы отырған балаға көздеп домалата, лақтыра білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарда епті, зерек, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.			Жапсыру. Тақырыбы: "Теледидарда қар жауып тұр". Мақсаты: балаларға теледидар туралы жалпы түсінік беру; қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстары, қардың жауатыны туралы түсініктерді қалыптастыру; балаларды қағаздың бүкіл бетіне ұсақ дөңгелек пішіндерді орналастырып, жапсыру амалына үйрету; шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
Дені саудың жаны сау / В здоровом теле здоровый дух / A healthy soul is healthy // (4-апта)					
Мақсаты. Балаларда салауатты өмір салты жайында ұғымдар қалыптастыру; физикалық жаттығуларды орындауда жағымды					

эмоцияларға бөленуге ынталандыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шынықсақ – шымыр боламыз!" Мақсаты: балаларды қос аяқпен қашыққа секіруге үйрету; балалардың қос аяқпен қашыққа секіру кезінде дене мен аяқ бұлшық еттерін дамыту; оқу әрекетінде тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Жеті лақ" ертегісі. Мақсаты: балаларды "Жеті лақ" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға баулу; қаіупсіздік ережелеріне машықтау; ертегі әлеміне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Қонаққа орындықтар". Мақсаты: балаларды текше және кірпіштерден орындықтар құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде түсініктер бере отырып, оның қасиетін іс-тәжіребеде тексеруге жаттықтыру; құрылыс жұмысының нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Домалайды доп". Мақсаты: балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қос аяқпен секіреміз". Мақсаты: балаларды қос аяқпен қашыққа секіруге дағдыландыру; дене мен аяқ бұлшық		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана және дәрігер". Мақсаты: балаларды дәрігер қызметімен және дәрігер құралдарының адамды емдеудегі	Музыка. Тақырыбы: "Доп, доп, домалақ". Мақсаты: балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға ынталандыру; есту	

	еттерін дамыту; жаттығу үлгісіне тура еруге ынталандыру.		ерекшеліктерімен ойын арқылы таныстыру; дәрігер мамандығының ерекшелігі туралы түсінік беру; қатынастық қабілеттерді және байланыстыру сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; үлкеннің еңбегін қадірлеу сезімін тәрбиелеу.	қабілетін дамыту; әннің мағынасы мен сипатын қабылдап, эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қоян қалай секіреді?" Мақсаты: балалардың қос аяқпен қашыққа секіре білу қабілеттерін жетілдіру; сөздік нұсқамаларға, сигналға, үлгіге тура ере білуге тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Доп". Мақсаты: балаларды қылқаламмен қағаз бетінің ортасына дөңгелекке ұқсас доптың бейнесін салуға үйрету; доптың сұлбасы ортасына көлденең екі сызықты салуға жаттықтыру; сурет салудың соңында қылқаламды суға жуып, тіреушеге	

				қоюға үйрету; салауатты өмір салты ережелеріне баулу.	
--	--	--	--	---	--

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар
Наурыз айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту - 0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Көктем жаршысы - құстар / Птицы - вестники весны / Birds of spring // (1-апта)					
Мақсаты. Балалардың көктем мезгілі, күннің жылынып, құстардың келуі туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; аналар мерекесіне деген қызығушылықтар, қуаныш сезімін танытуға үйрету.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көңілді құстар". Мақсаты: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге жаттықтыру; жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, гимнастикалық орындықтан секіре білуге үйрету; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Аю, тұр! Ояншы!". Мақсаты: балаларды "Аю, тұр, ояншы!" тақпағын, педагогтің үлгісіне еріп, мәнерлеп айтуға үйрету; аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату барысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың эмоциялары мен түйсіктеріне жағымды ықпал ету.	Сенсорика. Тақырыбы: "Қуыршақ Дананың киімі". Мақсаты: балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы туралы білімдерін әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Көңілді торғай". Мақсаты: балаларды музыканың әртүрлі қарқыны мен ырғағын ажырата білуге үйрету; ырғақтық кимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.		Жаратылыстану.	Сурет салу.	

	Тақырыбы: "Аулаға құстар ұшып келді". Мақсаты: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруде дене тепе-теңдігін сақтап, еденге қос аяққа секіре білуге дағдыландыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.		Тақырыбы: "Көктем шақырады". Мақсаты: балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру; көктем мезгіліне деген қызығушылықты ояту және табиғатты қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Әжеге алқа". Мақсаты: балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; сызықты көбірек "моншаққа" толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстар әлемінде". Мақсаты: балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен жүріп, еденге қос аяққа секіре білу қабілеттерін жетілдіру; сөздік			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Құстарға жем шашайық". Мақсаты: балалардың тұтас кесектен ұсақ бөліктерді үзу, жұлу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ бөліктерді екі алақан	

	нұсқамаларды түсініп, жаттығуларды үлгі бойынша орындауға баулу.			арасында айналдыру тәсілін жетілдіру; жасалған мүсіндерді "құстарға жем" деп айтуға үйрету; қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.	
Жылғалардан су ақты / Бегут талые воды / Spring // (2-апта)					
Мақсаты. Балаларды қардың ерігенін бақылауға қызықтыру; жылғалардан сулардың аққанын байқап, ерекше сезімдерге бөленуге баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бұлақ көрсең, көзін аш". Мақсаты: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеп өтуге үйрету; қол, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қоянның үйшігі". Мақсаты: балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Қонжыққа төсек". Мақсаты: балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау; аңдар тіршілігіне деген әуестенушілігін ояту;	Музыка. Тақырыбы: "Таза бұлақ". Мақсаты: балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу.	

			оқу қызметінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстармен шалшықтан аттаймыз". Мақсаты: балалардың тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеп өте білу қабілеттерін пысықтау; зеректікке, ептілікке баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Бұлақ". Мақсаты: балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау; эстетикалық талғам негіздерін қалау.	Музыка. Тақырыбы: "Бұлақ сылдыры". Мақсаты: балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландару.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бал бұлақ". Мақсаты: балаларда гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін			Сурет салу. Тақырыбы: "Бұлақтар". Мақсаты: балаларды қағаз бетін солдан оңға қарай иректерге, "бұлақтарға"	

	дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу.			толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректөп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру	
Салт-дәстүрлер және фольклор / Казахские народные традиции и обряды / Kazakh folk traditions and rituals // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларды Наурыз мерекесімен таныстыру; халықтың Наурызды тойлау ерекшеліктеріне қызығушылықтарды танытуға үйрету.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Арқан тарту". Мақсаты: балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; тепе-теңдікті сақтауға баулу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарқанына шақырайық". Мақсаты: балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан	Сенсорика. Тақырыбы: "Әдемі кілем". Мақсаты: балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету;	Музыка. Тақырыбы: "Наурыз – жыл басы". Мақсаты: балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын түсіне білуге үйрету; салт-дәстүрлік әннің айтылу ерекшелігін дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға	

		мәзірінің маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.	геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру.	дағдыландыру; салт-дәстүрге құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қазақтың ұлттық ойыны". Мақсаты: балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, зерек, иілгіш болуға ынталандыру.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Шәйнек". Мақсаты: балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; адамның тіршілік ерекшелігіне қызығушылықты қалыптастыру; ұқыптылық тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Бауырсақтар". Мақсаты: балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру; мәдени-адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Түзу арқан".			Жапсыру. Тақырыбы: "Алаша". Мақсаты: балаларды	

	Мақсаты: балалардың едендегі арқан бойымен түзу жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарға белсенді қатысуға, шымыр, шапшаң болуға баулу.			көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; декоративтік шығармашылық қабілет негіздерін салу қалыптастыру.	
--	--	--	--	--	--

Өнер көзі - халықта / Народ - источник искусства / Arts // (4-апта)

Мақсаты. Қазақ халқының Наурыз мерекесін тойлау дәстүрлеріне балалардың көңілін аудару, қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Спорт – өнер". Мақсаты: балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, педагогтің көмегімен биіктен екі аяққа секіруге үйрету; қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін сақтай білуге	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі". Мақсаты: балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен	Құрастыру. Тақырыбы: "Диван". Мақсаты: балаларды екі кірпіштен диван жасауға үйрету; текшелерді жатқан кірпіштің екі жағына қосуға дағдыландыру; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру;	Музыка. Тақырыбы: "Нағыз қазақ - домбыра". Мақсаты: балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық	

	дағдыландыру.	қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; халық ауыз әдебиетінің нысаны бесік жырына қызығушылықтарын ояту.	адамның тұрмыс-тіршілігіне деген құрметке тәрбиелеу.	аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Спорт әлемінде". Мақсаты: балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп, педагогтің көмегімен биіктен екі аяққа секіруге дағдыландыру; жаттығуларда епті, шымыр болуға, қауіпсіздік ережесін сақтай білуге баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Асатаяқ". Мақсаты: балаларды асатаяқ құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу; қазақ ұлттық аспаптарына деген қызығушылықты ояту, музыкалық талғам негіздерін қалау.	Музыка. Тақырыбы: "Өнерлі баламыз". Мақсаты: балаларды домбырада орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Спорт".			Сурет салу. Тақырыбы: "Сүлгіні	

	Мақсаты: балалардың гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп, биіктен екі аяққа секіре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарда епті, шымыр, шапшаң болу қабілеттеріне сүйенуге ынталандару.			безендірейік". Мақсаты: балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, саусақты бояуға малып, "сүлгіні" безендіруге жаттықтыру; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау; бақылағыштық қабілетін дамыту.	
--	--	--	--	--	--

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар
Сәуір айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту -0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Ғарышқа саяхат / Путешествие в космос / Cosmic // (1-апта)					
Мақсаты. Балаларға ғарыш туралы қарапайым ұғымдар беру; ұшақтың, зымыранның жылдам ұшатынын байқыту; аспандағы жұлдыздардың жарқырағанына қызығышылықтар тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ғарышқа алыс самғайық!" Мақсаты: балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Саяхатшылар әні". Мақсаты: балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздар түрлерімен таныстыру; байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру; адам тұрмысына қызығушылықты қалыптастыру.	Сенсорика. Тақырыбы: "Ғарыштағы бояулар". Мақсаты: балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиеттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Ғарыштағы ғажайып". Мақсаты: балаларды әндегі музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру; эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ғарыш		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ұшақ".	Сурет салу. Тақырыбы:	

	әлемінде". Мақсаты: балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге дағдыландыру; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстауға ынталандыру; күші мен шапшаңдығын дамыту.		Мақсаты: балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру; ғарыш әлемі мен ұшақ түрлеріне деген қызығушылықты қалыптастыру және оқу қызметінде адамгершілікке тәрбиелеу.	"Жұлдыздар". Мақсаты: балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру; байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ғарыш шегіне жетейік". Мақсаты: балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізе білуде жаттықтыру; күшті, шапшаң, иілгіш болуға ынталандыру; елестету қабілетін, түйсігін дамыту.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Сақина". Мақсаты: балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға	

				дағдыландыру; жасалған мүсінге қуануға тәрбиелеу.	
Жер-Ана! / Родная земля / Homeland // (2-апта)					
Мақсаты. Балаларға үй жануарларының көктемдегі тіршілігі туралы жалпы түсініктер беру; үй жануарларының шығаратын дыбыстарына, қимылдарына еліктеуге баулу; қамқорлыққа тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектейміз ерінбей!". Мақсаты: балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтуге жаттықтыру; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын меңгерту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Құлыншақ". Мақсаты: балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау.	Құрастыру. Тақырыбы: "Құс ұясы". Мақсаты: балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; балалардың құрылыс материалдарынан құрылыстар жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; табиғат өзгерістерін байқай білу қабілетіне тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Жер-Ана, кең дала!" Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің айтылу ерекшелігін дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру.		Жаратылыстану.	Музыка.	

	Тақырыбы: "Еңбек түбі - береке". Мақсаты: балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өте білу қабілетіне дағдыландыру; денені тепе-теңдікте ұстай білу, иілгіш, зерек болуға баулу.		Тақырыбы: "Жылқы мен құлын". Мақсаты: балаларға үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету; қамқорлыққа тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Жер-Ана". Мақсаты: балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбек етсең емерсің". Мақсаты: балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өте білу қабілетін жетілдіру;			Сурет салу. Тақырыбы: "Құлыншаққа шарбақ". Мақсаты: балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай	

	жаттығуда денені тепе-тендікте ұстай білу, иілгіш, зерек, шапшаң бола білуге тәрбиелеу.			отырып, көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтар үстіне жоғарыдан төмен таяқшаларды салып шығуға жаттықтыру; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беу; оқу қызметінде адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	
--	---	--	--	---	--

Көктемгі ағаштар / Весенние деревья / Spring trees // (3-апта)

Мақсаты. Балалардың қоршаған табиғаттың бірнеше құбылысымен таныстыру, ауа райында, табиғаттағы құбылыстарды байқатып, жағымды эмоционалды жауаптарды тудыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Егейік көктем ағашын". Мақсаты: балаларды құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Көктем келді". Мақсаты: балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра	Сенсорика. Тақырыбы: "Пойызбен саяхат". Мақсаты: балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың	Музыка. Тақырыбы: "Жасыл желек". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; топпен музыка мен қимылды үйлестіре бір	

	білу дағдыларын меңгерту.	сөйлеуін жетілдіру; ағаштарды күту мен аялай білуге, достыққа, белсенді болуға тәрбиелеу.	сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; көктемгі ағаштарға деген қызығушылықтарын ояту.	мезгілде бастап, бірге аяқтауға дағдыландыру; ойында бір-біріне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбегіне қарай өнбегі". Мақсаты: балаларды құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге дағдыландыру; қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу, көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Аққайың". Мақсаты: балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру; табиғатты аялауға және адамгершілікке тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Жасыл желек". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру; бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбек ептілікті сүйеді". Мақсаты: балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін жетілдіру; жаттығуларда шымыр, күшті, мерген болуға ынталандыру.			Жапсыру. Тақырыбы: "Алқаны жинайық". Мақсаты: балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін қалыптастыру; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	
--	--	--	--	--	--

Бір шаңырақ астында / Под небом единым / Under the one sky // (4-апта)

Мақсаты. Балаларға Қазақстан халықтарының достығы жайында жалпы түсінік беру; ойын мен ертегілер мысалында ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дөп-дөңгелек шаңырақ". Мақсаты: балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Түлік мен қоян" ертегісі. Мақсаты: Балаларды "Түлкі мен қоян" ертегісімен таныстыру; ертегі мазмұны	Құрастыру. Тақырыбы: "Гараж". Мақсаты: балаларды гараж құрастыруда "қорапша" мен "құс ұясын" құрастырудағы амалдарды қолдану	Музыка. Тақырыбы: "Әлди, әлди, бөпешім!" Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне	

	үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру.	бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; жабайы аңдар тіршілігі туралы түсінік беру; ертегі кейіпкерлеріне деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	қабілетіне үйрету; білеу материалымен танысып, шатыр ретінде қолдануға дағдыландыру; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты лақтыру техникасы". Мақсаты: балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға дағдыландыру; қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге, зерек, шымыр болуға баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ауаның қасиеті". Мақсаты: балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын көзбен көрсету арқылы түсінік беру; ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту; байқағыштығын, қабілеті мен танымын, түйсіктерін дамыту.	Музыка. Тақырыбы: "Бесік жыры". Мақсаты: балаларды әнді мұқият тыңдап, сипаты мен сөздік мағынасына эмоционалды жауап беруге ынталандыру; қимылдарды музыкалық ырғаққа сай жасауға баулу.	
	Дене шынықтыру.			Сурет салу.	

	Тақырыбы: "Допты лақтыру техникасын пысықтау". Мақсаты: балалардың допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыра білу қабілетін жетілдіру; жаттығуларда зерек, шымыр, ұйымшыл бола білуге ынталандыру.			Тақырыбы: "Әуедегі шарлар". Мақсаты: балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру: көзбен шардың пішіні мен түстерін қабылдауын, бақылағыштығы мен елестету қабілетін дамыту; жағымды эмоциялардың дамуына мүмкіндіктер жасау.	
--	--	--	--	--	--

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.

«Балапан» кіші тобына арналған перспективалық жоспар

Мамыр айы 2021 - 2022 оқу жылына

	Денсаулық – 3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -1 Сөйлеуді дамыту -0,5 Көркем әдебиет- 0,5	Таным -2 Сенсорика-0,5 Құрастыру -0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық- 3 Музыка - 1,5 Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу- 0,25	Әлеумет
Бейбітшілік қорғанында/ На страже мира / Peace // (1-апта)					
Мақсаты. Балаларды Отан қорғаушылардың әскери қызметінің негізгі мәнімен таныстыру; дабылдың қағуын, марштың ырғағын естіген кезде ырғақты адымдау қимылдарын жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Солдаттармыз саптағы". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге жаттықтыру; еңіс тақтайдың үстімен жүру кезінде өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Аспаптар қалай дыбыстайды?" Мақсаты: балаларға аспап түрлері туралы түсінік беру; кейіпкермен қатынас орнатуда қаратпа сөз бен етістіктен тұратын сөз тіркесі арқылы аспаптардың дыбыс ерекшеліктерін айтып отыруға жаттықтыру; аспаптарды сыртқы бейнесі мен дыбысталу ерекшеліктеріне қарап, ажырата білуге	Сенсорика. Тақырыбы: "Қорапшадағы мерекелік кәмпіттер". Мақсаты: балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру.	Музыка. Тақырыбы: "Отшашулар". Мақсаты: балаларды тыңдалатын әннің ырғағын түсіне білуге және дыбыстардың жәй, қатты сипатын жетекшімен бірге айта білуге үйрету; ырғақты қимылдардың элементтерін зейін қоя қабылдай білуін дамыту; үрмелі аспаптарда топпен орындау мәдениетіне тәрбиелеу.	

		дағдыландыру; дүниетанамын дамыту.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз жас ұланбыз". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге дағдыландыру; дене мүшелерін игере білуге, шымыр, зерек болуға баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қызғалдақ". Мақсаты: балаларды көктемнің алғашқы гүлі, қызғалдақпен таныстыру; көктемның табиғи құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру; дабылдың дыбыс шығару қасиеттері туралы түсінік беру; әскери қызмет туралы жалпы мағлұматтар беру; достыққа, ізгілікке тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Отшашулар (Салют)". Мақсаты: балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (қара түсті қоспау) ұзын және қысқа сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелерді атап өту және оны безендіру рәсімі туралы түсінік беру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз Отан қорғаушылармыз". Мақсаты: балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарда			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Мерекелік шелпектер". Мақсаты: балаларды сазбалшықтың біртұтас бөлігін екіге бөліп, домалатып	

	шымыр, иілгіш, шампаң, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.			илеп, шарларды алақандар арасына қысып, жалпақ пішін жасауға үйрету; нан өнімдерін қастерлеуге тәрбиелеу.	
Табиғаттың гүлденуі / Расцветает природа / The flowering of nature // (2-апта)					
Мақсаты. Балаларды көктемде даланың гүлденгенін бақылап, қуаныш сезімдеріне бөлеуге ынталандыру; эстетикалық талғам негіздерін қалау.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бақ-бақ гүлдер". Мақсаты: балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге үйрету; қол, арқа бұлшықеттерін дамыту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Көктем келді гүл алып". Мақсаты: балаларға табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; балалардың көктемгі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын ояту; табиғатты қорғау сезімдері мен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Аула қақпасы". Мақсаты: балаларды аула қақпасын және текшелерді үлгі бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін іс- тәжірибе және ойыншықпен ойнау	Музыка. Тақырыбы: "Нәзік гүлдер". Мақсаты: балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.	

			арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру; адамның табиғатты күтуіне көңіл аудару.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бақ-бақ гүлі әлемінде". Мақсаты: балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге дағдыландыру; қол, арқа бұлшықеттерін, көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Бақбақ гүл". Мақсаты: балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Билейміз гүлдермен". Мақсаты: балаларды көңілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға ынталандыру; топта және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бақ-бақ гүлін бірге үрлейік". Мақсаты: балалардың екі қолмен допты			Сурет салу. Тақырыбы: "Гүлдер". Мақсаты: балаларды қағаздың бетіне гүлдерді толтырып	

	тордан алысқа лақтыра білу қабілеттерін жетілдіру; ойындар мен жаттығуларды шымыр, зерек, шапшаң болуға ынталандыру.			салу техникасына үйрету; бормен қысқа сызықтарды қалдырып, гүлдердің сабақтарын салу, бояу мен қылқалам арқылы сабақтардың бастарына жақпа басып отыру дағдыларын қалыптастыру; пайда болған бейнелерді бір сөзбен, "гүлдер" деп атауға баулу.	
--	--	--	--	--	--

Көктемгі егістік / Весенние работы / Spring sowing // (3-апта)

Мақсаты. Балаларды ойын, ертегі мысалдарында адам мен жан-жануарлардың көктем мезгіліндегі тіршілігі ерекшеліктерімен таныстыру; ортақ ойындарға еркін қатысуға ынталандыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көк машина". Мақсаты: балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білуге үйрету; допты домалату жаттығуы арқылы қол, саусақ бұлшық еттерін	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Тауық пен балапан". Мақсаты: балаларға әңгіме мазмұнын мұқият оқып беру; әңгімедегі дыбыс иелерінің дыбыстарына еліктей білуге және қайталауға дағдыландыру; әңгіме	Сенсорика. Тақырыбы: "Кемпіркосақ". Мақсаты: балаларды біркелкі заттардың көлемі, пішіні, түсіне қарап біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес),	Музыка. Тақырыбы: "Еңбек түбі – зейнет". Мақсаты: балаларды күй атасы Дәулеткерейдің "Қосалқа" шығармасымен таныстыру; күйдің домбыра аспабындағы орындалу ерекшелігі	

	жетілдіру.	тақырыбы мазмұнына сай қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру.	зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру.	туралы түсініктерін кеңейту; қазақ халқының күй жанры шығармаларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты қақпаға дәлдейміз". Мақсаты: балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға жаттықтыру; қол, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ешкі мен лақ". Мақсаты: балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Қозы". Мақсаты: балалардың қозы кескінін бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш ұшымен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бұйра оюлармен толтыруға үйрету; қозының шиыршықталған бұйра жүнін бір-біріне тығыз салуға дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсінік беру; шыдамдылық пен ұқыптылық танытуға	

				тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Мергендікті шыңдаймыз". Мақсаты: балалардың допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білу қабілеттерін жетілдіру; ойын-жаттығуларда көзбен дәлдей білу, жағымды эмоционалды қарым-қатынастарға қосыла білу қабілеттерін дамыту.			Жапсыру. Тақырыбы: "Бұлттар ұшып келеді". Мақсаты: балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту.	
Жайдары жаз келді! / Вот и лето пришло / Summer // (4-апта)					
Мақсаты. Балаларды жаз мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен таныстыру; адамның кейпі мен әрекетінде өзгерістерді атауға үйрету; жазғы ойындарға қуанышпен қатысуға мүмкіндіктер жасау.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шынығамыз жазда". Мақсаты: балаларды еденге қойылған	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Үш аю" ертегісі. Мақсаты: балаларды "Үш аю" ертегісімен	Құрастыру. Тақырыбы: "Біздің көше". Мақсаты: балаларды әртүрлі үйлердің,	Музыка. Тақырыбы: "Жаз кереметтері". Мақсаты: балалардың өздеріне жыл бойына	

	баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.	таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; төзімділік пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көпіршіктер жасаймыз". Мақсаты: балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге дағдыландыру; дене шымырлығын, зеректігін жетілдіру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Құмның қасиеті". Мақсаты: балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру; жаз	Музыка. Тақырыбы: "Жайма шуақ жазымыз". Мақсаты: балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру.	

			мезгілінің кереметтеріне деген қызығушылықты ояту.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тез өсеміз біз жазда". Мақсаты: балалардың еденге қойылған баспалдақтан аттап жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарда шымыр, шапшаң, зерек, ұйымшыл бола білуге баулу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Алуан түсті алақан". Мақсаты: балалардың әртүрлі бояуға малынған алақанын қағаз бетіне басып шығаруға ынталандыру; қызығушылықтарын арттырып, жұмыс нәтижесін тамашалауда эмоцияларға бөленуге жағдай туғызу.	

Тәрбиеші: Айтпаева Г.И.